**Бекітемін**
**Мектеп директоры**
**________ Г. З. Кембебаева**

# «Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2021-2022 оқу жылындағы «Ізденіс» шығармашылық тобының жылдық жұмыс жоспары

**Мақсаты:**

- Жаңартылған бағдарламаның ғылыми әдістемелік негіздерін зерделеу;
- Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау;
- Педагогтардың кәсіби құзырлылық денгейін жетілдіру;

**Міндеттері:**

- Жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұны мен мақсаттарымен танысу;
- Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсіну және қолдана білу;
- Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жанартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру;

**Күтілетін нәтиже**

- Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаттарын, міндеттерін құрылымы мен мазмұнын біледі;
- Жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана алады;

| № | Өткізілетін іс-шаралар | Мазмұны | Мерзім | Жұмыс формасы | Жауапты мұғалімдер | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұйымдастыру жұмыстары | 2021-2022 оқу жылына арналған «Ізденіс» шығармашылық тобының жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру | Қыркүйек | отырыс | Топ мүшелері | |
| 2 | «Жаңартылған білім беру мазмұны:ізденіс және тәжірибе» | Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты, мазмұны, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен таныстыру | Қыркүйек | Семинар | Топ мүшелері | |
| 3 | Ұзақ мерзімді жоспар,қысқа мерзімді жоспар құруда тренерлік сабақ | Ұзақ мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруда мұғалімдерге әдістемелік көмек беру | Қыркүйек | Таныстырылым | Алтаева Қ<br>Мусаханова Б | |
| 4 | Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру | Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету | Қазан | коучинг | Тәлімгерлер | |
| 5 | ҰМЖ, ҚМЖ жоспарларын әдістемелік жетілдіруде педагогтарға кәсіби қолдау | Мектеп ұжымын ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды құруда әдістемелік қолдау көрсету | қазан | Шеберлік сабақ | Қайрғали Д | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | «ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жақсартудың қадамдары» | Мұғалімдерге ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жаңа үлгіде көрсету | Қараша | Шебер сынып | Алтаева Қ Төлегенова Н | |
| 7 | «Сыни тұрғысынан ойлау әдіс-тәсілдері» | Сын тұрғысынан ойлау әдістерін енгізуге арналған тәсілдеріне талдау жасау | караша | коучинг | Ибрагимова Б | |
| 8 | «Кері байланыс қағидаттары» | Ауызша және жазбаша мейілінше сындарлы кері байланыс беруге ықпал жасау, кері байланыс жасау әдістерін көрсету | Желтоқсан | коучинг | Естаулетова Ж | |
| 9 | «Дарынды балаларды оқытудың тиімді тәсілдері» | Мұғалімдерге дарынды балаларды оқытудың тиімді әдістерін көрсету, тәжірибе алмасу | желтоқсан | коучинг | Оспанова А | |
| 10 | «Оқыту үдерісінде АКТ-ны қолдану» | Оқыту үдерісінде АКТ-ны қолдану құзіреттіліген арттыру | қаңтар | семинар | Үркінбаева Г | |
| 11 | «Оқытудағы жаңа тәсілдер» Тарих пәнінен диалогтік оқытудың тиімділігі | Жаңартылған білім берудедиалогтік оқытудың әдіс-тәсілдерімен таныстырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу | қаңтар | коучинг | Жайлауов Н | |
| 12 | Оқыту үдерісінде әдіс –тәсіл алмасу | Жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша мұғалімдердің өзара іс-тәжірибе алмасуына ықпал ету | жыл бойы | сабақтар | Топ мүшелері | |
| 13 | «Интербелсенді әдіс-тәсілдер» | Интербелсенді әдіс тәсілдердің тиімділігін көрсету | ақпан | Коучинг | Кузенбаева Ж | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | «Функционалдық сауаттылықты жетілдіру» | Мұғалімдерге оқушының оқу сауаттылығын арттыруда коллабаративті орта, дағды қалыптастыруына бағыт беру | ақпан | Шебер сынып | Мусаханова Б | |
| 15 | Сабақтағы кері байланыс | Мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның классификациясы, әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау | наурыз | коучинг | Несіпбекова А | |
| 16 | Кіріктірілген сабақ | Мұғалімдердің өзара іс-тәжірибе алмасуына жағдай жасау | Сәуір | сабақ | Топ мүшелері | |
| 17 | Қорытынды | 1 «Ізденіс» шығармашылық тобының жылдық жоспарын қорытындылау<br>2) 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру. | Мамыр | отырыс | Топ мүшелері | |

«Ізденіс» шығармашылық тобының жетекшісі Қ.Алтаева

**«Бірлік орта мектебі» мкм-нің 2021-2022 оқу жылындағы «Ізденіс» шығармашылық тобының мүшелері**

| № | Аты-жөні | санаты | Пед.өтілі |
|---|---|---|---|
| 1 | Жайлауов Нұрболат | Педагог-сарапшы | 17 |
| 2 | Ибрагимова Бақыткүл | Педагог-сарапшы | 28 |
| 3 | Алтаева Қарлығаш | Педагог-сарапшы | 14,10 |
| 4 | Мусаханова Бақыт | Педагог-сарапшы | 14 |
| 5 | Қаиргали Дария | I | 19 |
| 6 | Естаулетова Жадра | II | 10 |
| 7 | Оспанова Айнур | Педагог-сарапшы | 10 |
| 8 | Толегенова Назира | Педагог-сарапшы | 16 |
| 9 | Несіпбекова Айжан | Санаты жоқ | 14 |
| 10 | Кузенбаева Жанар | Педагог-модератор | 4 |
| 11 | Үркінбаева Гульзира | Педагог-сарапшы | 12 |

«Ізденіс» тобының жетекшісі Қ.Алтаева

## «Ізденіс» шығармашылық тобының I тоқсанда атқарған жұмысы туралы рефлексиялық есебі 2021-2022 оқу жылы

Біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр!
Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан
жалтырай да жарқырай береді. Қаныш Сәтбаев

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті оқушы дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы.

Мұғалімдік мамандықта қызмет ете отырып, оқушыларға сай білім беру,үнемі ізденіс үстінде болу негізгі міндеті екенін ескере отырып биылғы 2021-2022 оқу жылына арналған «Ізденіс» кәсіби қоғамдастығының жұмысы жоспар бойынша жүргізілуде. Жыл басында топтың жұмыс жоспары топ мүшелерімен талқылана отырып құрылды. Әріптестерімізбен бірлесе отырып, жоспарды талқылап,қарастыруға болатын негізгі деген бір немесе екі сұрақ таптық.Талқылау барысында төмендегі сұрақтар туындады:

-Шығармашылық топтың жұмысына қандай өзгерістер енгізуге болады?

-Негізгі байланыс желілері қандай болмақ?

Мектептегі шығармашылық топтың кез-келген мүшесі көшбасшы лықтың білім саласындағы маңыздылығын жақсы түсінуі тиіс деп ойлаймын.

10 қыркүйек күні II деңгейлі бастауыш сынып мұғалімі Қ. Алтаева , III деңгейлі қазақ тілі пәнінің мұғалімі Б. Мусаханова«Ұзақ мерзімді жоспар,қысқа мерзімді жоспар құру» тақырыбында тренерлік сабақ өткізді.Сабақта мұғалімдерге ұзақ мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруда мұғалімдерге әдістемелік көмек беру басты мақсат болды.

11 қазан күні тәлімгер мұғалімдердің ұйымдастыруымен мектептегі жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингте сабақта қолданылатын интербелсенді әдіс- тәсілдер тәжірибелі мұғалімдердің іс- тәжірибесінен көрсетіліп, жас мамандармен кәсіби әңгіме жүргізілді. 22қазан күні «ҰМЖ, ҚМЖ жоспарларын әдістемелік жетілдіруде педагогтарға кәсіби қолдау» тақырыбында III-деңгейлі информатика пәнінің мұғалімі Д. Қайрғали шеберлік сабақ өткізді. Шеберлік сабақта мектеп мұғалімдеріне ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды құрудың жолдары көрсетілді.

Шеберлік сағатта тақырыпқа сай түсіндірме бейнежазбалар көрсетіліп, мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісті.

Осы тақырыптарда өткізілген коучингтерге мұғалімдердің қатысуы белсенді болды. Коучингтер нәтижесінде әрбір ұстаз өз іс- тәжірибесіне жаңа сипаттағы өзгерістер енгізді.

Коучингке қатысушы барлық мұғалімдер өздерінің жасаған іс-әрекеттері бойынша мониторинг жасау, талдау, сараптау, бағалау дағдыларын өздеріне берілген тапсырмаларды орындай отырып меңгерді, қалыптастырды.

Қорыта келе айтарым кәсіби қоғамдастықтағы мектеп көшбасшылары мұғалімдердің оқыту тәжірибесіне қолдау көрсету және кәсіби дамуын жетілдіруге бағыттап өз жұмысын жалғастырады.

Топ жетекшісі К. Алтаева

«Ізденіс» шығармашылық тобының I жарты жылдықта атқарған жұмысы туралы рефлексиялық есебі
2021-2022 оқу жылы

**Оқу - білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де, болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек. Ғабит Мүсірепов**

Мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде дамуы барысында орта білім берудің жүйелі жаңашаландырылуы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді жаңашаландыруды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты: қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялары мен жаңа технологиялары бар.Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті — білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздей отырып 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығында «Ізденіс»шығармашылық тобының жұмысы жоспар бойынша жүргізілді

10 қыркүйек күні II деңгейлі бастауыш сынып мұғалімі Қ. Алтаева , III деңгейлі қазақ тілі пәнінің мұғалімі Б. Мусаханова«Ұзақ мерзімді жоспар,қысқа мерзімді жоспар құру» тақырыбында тренерлік сабақ өткізді.Сабақта мұғалімдерге ұзақ мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруда мұғалімдерге әдістемелік көмек беру басты мақсат болды.

11 қазан күні тәлімгер мұғалімдердің ұйымдастырумен мектептегі жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингте сабақта қолданылатын интербелсенді әдіс- тәсілдер тәжірибелі мұғалімдердің іс- тәжірибесінен көрсетіліп, жас мамандармен кәсіби әңгіме жүргізілді.

22казан күні «ҰМЖ, ҚМЖ жоспарларын әдістемелік жетілдіруде педагогтарға кәсіби қолдау» тақырыбында ІІІ-деңгейлі информатика пәнінің мұғалімі Д. Қайрғали шеберлік сабақ өткізді. Шеберлік сабақта мектеп мұғалімдеріне ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды құрудың жолдары көрсетілді.
Шеберлік сағатта тақырыпқа сай түсіндірме бейнежазбалар көрсетіліп, мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісті.
Осы тақырыптарда өткізілген коучингтерге мұғалімдердің қатысуы белсенді болды. Коучингтер нәтижесінде әрбір ұстаз өз іс- тәжірибесіне жаңа сипаттағы өзгерістер енгізді.
Коучингке қатысушы барлық мұғалімдер өздерінің жасаған іс-әрекеттері бойынша мониторинг жасау, талдау, сараптау, бағалау дағдыларын өздеріне берілген тапсырмаларды орындай отырып меңгерді, қалыптастырды.

11 қараша күні бастауы сынып мұғалімдері Н. Толегенова, Қ. Алтаева Мұғалімдерге ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жаңа үлгіде көрсету мақсатында «ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жақсартудың қадамдары» тақырыбында шебер сынып өткізді. Шеберлік сабақта «Миға шабуыл» стратегиялық сұрақтар, мәтінмен жұмыс, постер қорғау әдістері жүзеге асты.Таныстырылым көрсетіліп, «Қысқа мерзімді жоспар»үлгісі, мақсаты, маңыздылығы түсіндірілді.

24 қараша күні география пәнінің мұғалімі Б. Ибрагимова «Сын тұрғысынан ойлау әдіс-тәсілдері» тақырыбында коучинг өткізді. Мақсаты: Сын тұрғысынан ойлау әдістерін енгізуге арналған тәсілдеріне талдау жасау.Коучингке қатысқан мұғалімдер арасында кәсіби сұхбат жүргізіліп, сабақ үдерісінде қолданып жүрген тиімді тәсілдерімен тәжірибе алмасу болды.

7- желтоқсан күні «Жас маман» мектебінің жетекшісі Д. Каиргали «Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» тақырыбында жас мамандарға әдістемелік коучинг өткізді. Жас маман мұғалімдерге оқушыларды айқындалған критерийлерге сәйкес өз жұмысының сапасы туралы қорытынды жасай білуге қол жеткізуіне бағыт-бағдар беру, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау үдерістерінің дамуына ықпал етуге байланысты әдістемелік көмек көрсетілді.

13- желтоқсан күні тарих пәнінің мұғалімі Ж. Естаулетова сабақта ауызша және жазбаша мейлінше сындарлы кері байланыс беруге ықпал жасау мақсатында «Кері байланыс қағидаттары» тақырыбында коучинг өткізді. Таныстырылым көрсету арқылы және практикалық тапсырмалар орындату арқылы қатысушыларға сабақта кері байланыс жасау әдістерін көрсетті.

21- желтоқсан күні биология пәнінің мұғалімі А. Оспанова «Дарында балаларды оқытудың тиімді тәсілдері» тақырыбында коучинг өткізді. Коуч мұғалімдерге дарынды балаларды анықтап, оларды оқытудың тиімді әдістері туралы ақпаратпен бөлісіп, тәжірибе алмасты.
Қорыта келе айтарым мектептегі шығармашылық топтың кез-келген мүшесі көшбасшылықтың білім саласындағы маңыздылығын жақсы түсінеді.Оқытудың озық технологиясын меңгеру мұғалімнің кәсіби

шеберлігіне байланысты.Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейтінін ескере отырып мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіруге бағытталған жұмыстар жалғасын табады.

Топ жетекшісі Қ. Алтаева

*Алматы облысы Балқаш ауданы «Бірлік орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

# *Шеберлік сабақ*

*Тақырыбы:*

# ҰМЖ, ҚМЖ жоспарларын әдістемелік жетілдіруде педагогтарға кәсіби қолдау.

Информатика пәнінің мұғалімі: Қаиргали Д.Қ.

**«Бірлік орта мектебі» мкм**
**Үшінші деңгейлі**
**информатика пәнінің мұғалімі**
**Қаиргали Дария Қаиргаликызы**

**Шеберлік сабақ:**

ТАҚЫРЫП: **ҰМЖ, ҚМЖ жоспарларын әдістемелік жетілдіруде педагогтарға кәсіби қолдау.**

**Шеберлік сабақтың мақсаты мен міндеті:**
Мектеп ұжымына ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды 7 модульге ықпалдастыруды үйрету. Блум таксономиясына сабақ жоспарын салу туралы түсінік беру, маңыздылығын ұғындыру, бағалау критерийлері, дескрипторларды құру арқылы іс-тәжірибеде қолдануға көмектесу.

**Күтілетін нәтиже:**
Білім сапасы артады, мұғалімдер ұзақ және қысқа мерзімді сабақ жоспарына 7 модульді жоспарларына ықпалдастыра алады. Қысқа мерзімді жоспарды Блум таксономиясына салуды үйренеді, оқушылардың ынталануына , критерийалды бағалаудың тиімділігіне көз жеткізеді
**Бағытталған аудитория**: Мектеп ұжымы.
**Шеберлік сабақтың мақсаты:** Қызығушылықты ояту, Ой қозғау, Мағынаны ашу, Рефлексия.
**Әдіс тәсілдер**: «Миға шабуыл»(стратегиялық сұрақтар) . Топтық жұмыс(бірлесіп талқылау) , мәтінмен жұмыс, постер қорғау, кері байланыс түрлерімен таныстыру.
**Құрал жабдықтар:** Интерактивті тақта ,таныстырылым, аудио және видио материалдар
**Дидактикалық материалдар:** үлестірме материалдар Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспар үлгісі, « кері байланыс» түрлері.

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**«Жүректен жүрекке»**<br>**(әріптестерді жақсы, көтеріңкі көңіл күйге шақыру)**<br>**Негізгі кезең**<br>**Мағынасын ашу** | Амандасу<br>Қолдарынан ұстап шеңбер бойында бір –бірлеріне бүгінгі күнге сәттілік тілеп тілек айту<br>Қима қағаздар арқылы топтастыру.<br>1-топ: Жаратылыстану бағыты<br>2- топ: Гуманитарлық бағыт<br>Шебер -сыныптың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру<br>Сабақтың жоспары қалай жазылып жүр? Не үшін өзгеріс енгізу керек? | Қимыл қозғалыспен көрсетеді.<br>Себеттен кезекпен кезек қима қағаздарды ала отырып топтасады.<br>Өзі таңдаған қағазда не делінген не себепті ол топқа отырғаны жөнінде түсінік береді.<br>Мұғалімдер ойланады, ойларымен бөліседі. |
| **Тұсау кесер: «Миға шабуыл» әдісі. Ой қозғау**<br>**(слайдпен жұмыс)** | Ұзақ мерзімді қысқа мерзімді жоспар дегенді қалай түсінесіздер?<br>Таныстырылым: Блум таксономиясы презентациясы.<br>3. Таныстырылым: «Қысқа мерзімді жоспар» үлгісі, мақсаты, | «Ұзақ мерзімді жоспар», «Қысқа мерзімді жоспар» жайлы не білесіздер?<br>**флипчартқа берілген тапсырманы орындайды.** |

<table>
<tr>
<td>Топтық жұмыс<br><br>Постер қорғау.<br><br>Сергіту сәті</td>
<td>маңыздылығы.<br><br>4. Таныстырылым: Сабақта қолданылатын стратегиялар, талқылау тәсілдерінің жинағымен таныстыру.<br><br>Практикалық тапсырмалар арқылы ұзақ мерзімді жоспарды құруға үйрету.<br><br>Барлық әріптестер орындарынан тұрып, балалық шаққа саяхат жасап, ән айтып, би қимылдарын жасайды.<br><br>РЕФЛЕКСИЯ:<br>
<table>
<tr><td>Не үйрендім?</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мен үшін не жаңа болды?</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Іс-тәжірибемде қолданамын</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Маған не қиын болды</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Таныстырылымды көре отырып орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспар туралы түсінік қалыптасады.<br><br>Мұғалімдер бірлестік болып ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспар құрып үйренеді.<br><br>«Мен білемін» ойынына көңіл аударады<br>Әр топ өз ойларымен бөлісіп ортаға салып талқылайды.</td>
</tr>
</table>

**Рефлексивті есеп**

***Жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін ұстаздар,***
***сіздер, ізденіс пен ілгерілеуден жалықпаңыздар.***
***Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс»***
Н.Ә.Назарбаев

Шеберлік сабақтың түйінді идеясы мұғалімдерге неліктен оқушыларды дәл осылай оқыту қажеттігі туралы білімді қалыптастырып қана коймай,олардың жаңа идеяларды өз тәжірибесінде іске асыруға дайын болуын қамтамасыз ету болып табылады. Осылайша, бағдарламаны игерген мұғалімдер әріптестеріне өз тәжірибесіне жеті модульді енгізуге көмектесу мақсатында олармен жұмыс істейтін болады. Тізбектелген сабақтар топтамасының құрылымы Екінші деңгей бағдарламасының жеті модулін байыппен енгізуге жағдай жасап, ал мұғалімдер жүргізген іс-әрекеттегі зерттеулер өзгеріс енгізу үдерісі мен осы өзгерістердің нәтижелері туралы тәжірибеге негізделген мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

***Психологиялық ахуал туғызу сәті*** ***Топпен жұмыс***

Ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланысқа келетін болса. Бір топ адам оқу бағдарламасын сыныпта сабақ беру тәжірибесіне бағдарламаның барлық жеті модуль ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасына айналдырса, сол орта мерзімді жоспарлау болады. Өз кезегінде әрбір жеке мұғалім ұзақ мерзімді жоспарды әрбір жеке сынып үшін сабақтарды егжей-тегжейлі жоспарлау үшін пайдаланады. (МАН.117-118бет)

Мектебімізге өзгеріс енгізуді оқу жылынан бастайық деген оймен, мұғалімдерге ұзақ және қысқа мерзімді жоспарлауды үйрету мақсатында осы шеберлік сабақты ұйымдастырдым.

**Шеберлік сабақ**

Өткізген: екінші деңгейлі бастауыш сынып мұғалімі Қ. Алтаева және үшінші деңгейлі бастауыш сынып мұғалімі Н. Толегенова

Тақырыбы: **Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды жоспарлау.**

**Шеберлік сабақтың мақсаты мен міндеті:**

Мектеп ұжымына орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды 7 модульге ықпалдастыруды үйрету. Блум таксономиясына сабақ жоспарын салу туралы түсінік беру, маңыздылығын ұғындыру, бағалау критерийлері, дескрипторларды құру арқылы іс-тәжірибеде қолдануға көмектесу.

**Күтілетін нәтиже:**

Білім сапасы артады, мұғалімдер орта және қысқа мерзімді сабақ жоспарына 7 модульді жоспарларына ықпалдастыра алады. Қысқа мерзімді жоспарды Блум таксономиясына салуды үйренеді, оқушылардың ынталануына , критерийалды бағалаудың тиімділігіне көз жеткізеді

**Бағытталған аудитория**: Мектеп ұжымы.

**Шеберлік сабақтың мақсаты:** Қызығушылықты ояту, Ой қозғау, Мағынаны ашу, Рефлексия.

**Әдіс тәсілдер**: «Миға шабуыл»(стратегиялық сұрақтар) . Топтық жұмыс(бірлесіп талқылау) , мәтінмен жұмыс, постер қорғау, кері байланыс түрлерімен таныстыру.

- **Құрал жабдықтар:** Интерактивті тақта ,таныстырылым,аудио және видио материалдар
- **Дидактикалық материалдар:** үлестірме материалдар Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспар үлгісі, « кері байланыс» түрлері.

| **Іс-әрекет кезеңі** | **Кручтің іс-әрекеті** | **Іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br>Шаттық шеңбері<br>«Жүректен жүрекке»<br>(әріптестерді жақсы, көтеріңкі көңіл күйге шақыру)<br>Негізгі кезең<br>Мағынасын ашу | Амандасу<br>Қолдарынан ұстап шеңбер бойында бір –бірлеріне бүгінгі күнге сәттілік тілеп тілек айту<br>Қима қағаздар арқылы топтастыру.<br>1-топ: Жаратылыстану бағыты<br>2- топ: Гуманитарлық бағыт<br>Шебер -сыныптың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру<br>Сабақтың жоспары қалай жазылып жүр? Не үшін өзгеріс енгізу керек? | Қимыл қозғалыспен көрсетеді.<br>Себеттен кезекпен кезек қима қағаздарды ала отырып топтасады.<br>Өзі таңдаған қағазда не делінген не себепті ол топқа отырғаны жөнінде түсінік береді.<br>Мұғалімдер ойланады, ойларымен бөліседі. |
| Тұсау кесер: «Миға шабуыл» әдісі. Ой | Орта мерзімді қысқа мерзімді жоспар дегенді қалай | «Орта мерзімді жоспар», «Қысқа мерзімді жоспар» |

| | | |
|---|---|---|
| (слайдпен жұмыс) | таксономиясы презентациясы.<br>3Таныстырылым: «Қысқа мерзімді жоспар» үлгісі, мақсаты, маңыздылығы.<br>4.Таныстырылым: Сабақта қолданылатын стратегиялар, талқылау тәсілдерінің жинағымен таныстыру. | **флипчартқа берілген тапсырманы орындайды.**<br>Таныстырылымды көре отырып орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспар туралы түсінік қалыптасады. |
| Топтық жұмыс<br>Постер қорғау. | Практикалық тапсырмалар арқылы орта мерзімді жоспарды құруға үйрету. | Мұғалімдер бірлестік болып орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспар құрып үйренеді. |
| Сергіту сәті | Барлық әріптестер,орындарынан тұрып, балалық шаққа саяхат жасап, ән айтып, би қимылдарын жасайды. | **Музыканың ырғағымен қимыл қозғалыстарын жасайды** |
| | РЕФЛЕКСИЯ: | **Әр топ өз ойларымен бөлісіп ортаға салып талқылайды.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***Не үйрендім?*** | | | |
| ***Мен үшін не жаңа болды?*** | | | |
| ***Іс-тәжірибемде қолданамын*** | | | |
| ***Маған не қиын болды*** | | | |

**«Оқытудағы жаңа тәсілдер. Тарих пәнін оқытудағы диалогтік оқытудың тиімділігі» Тарих пәнінің мұғалімі Н. Жайлауов**

| | |
|---|---|
| **Тақырыбы:** | «Оқытудағы жаңа тәсілдер. Тарих пәнін оқытудағы диалогтік оқытудың тиімділігі.» |
| **Мақсаты:** | Диалогтің маңызын ашу, сабаққа оқыту нысаны ретінде әңгімелесуді енгізу. Барлық оқушылардың білім алу, мақсатқа жету мен сынып өміріне қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше назар аудару болып табылады. |
| **Оқыту нәтижелері:** | Коучинг соңында мұғалімдер:<br>1. Оқыту мен оқудағы тілдің басты рөлін түсінеді.<br>2. Білім беруде оқушыға жеке көңіл бөлуді дамытуға ықпал ететін оқыту әдісі ретінде әңгімелесуді, мысалы: жауап алу мен шағын топта жұмыс істеу әдістерін қалайша тиімді қолдануға болатыны туралы өз түсінігін қалыптастыру.<br>3. Білім алу тәжірибесіне диалогтік әдістер енгізіледі.<br>4. Сыныптағы диалогтік әдістер бағаланады.<br>5. Диалогтік әдістердің оқуға көмегін түсіндіруге дайын болады. |
| **Сілтеме:** | МАН «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» |
| **Негізгі идея:** | Диалог – мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік.<br>Сұрау және топтық жұмыс диалогтік тәсілдің балаларды оқыту сапасын арттыру құралы. |
| **Сабақта қолданылатын материалдар:** | Маркер,АКТ, қима қағаздар, қобдиша, А3,А4 қағаздары, бейнефильм, стикер, үлестірмелі материалдар, плакат. |
| **Оқыту әдістері:** | Коучинг қағидасы, «Өзгеру», «Білген сайын келеді, біле бергім», «Сиқырлы қобдиша», «Тау рефлексиясы», |

**Сабақ бойынша коуч пен мұғалімдердің іс-әрекеті**

| | Коучтың іс-әрекеті | Мұғалімдердің іс-әрекеті |
|---|---|---|
| 5 минут | **«Үш көмекші» әдісі бойынша топқа бөліну**<br>«Жүрек», «Бас», «Қол»<br>Сонымен қатар суреттерге байланысты мағлұмат беріледі:<br>Шульман «үш көмекші» деп «бас,жүрек, қолды» атаған. Ол осы атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болып саналады деп есептейді. Мұндай пікірді біз ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтің қара сөздерінен де кездестіреміз. «Үш – ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы | «Жүрек», «Бас», «Қол» суреттерді таңдау арқылы мұғалімдер үш топқа бөлініп отырады.<br>Сонымен қатар суреттерге байланысты анықтама алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | жүрек» - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, жаңа форматты мұғалім осы үш көмекшіні дұрыс пайдалана білуі керек. | |
| 7 минут | **«Өзгеру»** атты әдісі бойынша психологиялық ахуал орнату. Әр топ өздерінің іс-тәжірибелерінде нені өзгерткілері келетінін айтып өтеді. | Топ мүшелері берілген сұраққа өз пікірлерін ортаға салады, ортақ шешім қабылдайды. |
| 4 минут | **«Егіз балалардың әңгімесі»** атты бейнефильм көрсету. Сол арқылы коучингтің тақырыбын анықтау. | Бейнефильмді тамашалайды. Коучингтің тақырыбын айқындайды. |
| 2 минут | **Коучинг қағидалары.**<br>Коучингке қатысушыларға коучинг қағидаларымен таныстырады.<br>а) еркін сөйлеңіз.<br>ә) тақырыпты ұстаныңыз, замандастарыңызға датақырыпты ұстануға көмектесіңіз.<br>б) өз сұрақтарыңызбен бөлісіңіз (сіздің топ мүшелеріңіздің көмегімен құрастырылған сұрақтар)<br>в) басқалар қойған сұрақтарға жауап беріңіз.<br>г) басқалардың түсініктемесіне сүйеніңіз және тыңдаңыз.<br>д) бір-біріңіздің идеяларыңызды талқылаңыз. | Коучинг қағадаларымен мұқият тыңдап, танысады. |
| 15 минут | **«Білген сайын келеді, біле бергім»**<br>Әр топқа «Диалогтік оқыту» тақырыбы бойынша үлестірмелі тапсырмалар беріледі.<br>Диалог – адамгершілікке үйренудің негізгі құралы.<br>Диалог – адам өмірінің мәні мен мақсаты.<br>Диалогтің ерекшеліктері. | Берілген мәтінмен танысып, топ ішінде талқылау жүргізеді, басқа топтарға постер арқылы түсіндіреді. |
| 3 минут | **«Қар көшкіні»** атты сергіту сәтін жүргізу.<br>Әр мұғалімге «Бүгінгі семинарға не мақсатпен келдіңіз?» және «Не үйрендіңіз?» деген сұрақ қойылады, ал мұғалім өзінің атының бірінші | Допты ұстап, сұраққа жауап қайтарады. |

| | | |
|---|---|---|
| | әріпінен басталатын жауап айтады. | |
| 20 минут | **«Сиқырлы қобдиша»**<br>Әр топтан топ басшысы қобдишаның ішінен тапсырома алады.<br><br>Әңгіменің түрлері. Өз сабағыңызда әңгіменің қай түрі сипат алатындығы жайлы баяндаңыз.<br>Сабақта сұрақтың қандай түрін қолданатындығыңыз туралы әңгімелеңіз.<br>Сабақта диалогтік оқытуды қолдану бойынша өз ұсынысыңызбен бөлісіңіз. | Таңдап алынған тапсырманы топ ішінде талқылайды, әр топ мүшесі өз тәжірибесімен бөліседі, ойларын ортаға салады. |
| 4 минут | **«Тау рефлексиясы»**<br>Бүгінгі коучинг бойынша суреттегі тауды «Диалогтік оқыту» деп алып, осы тақырып бойынша әр мұғалім өзінің осы таудың қай жерінде екенін анықтайды.Осыған сәйкес, стикерлерге коучинг бойынша не түсінгендерін, екі сәтті кезеңді, бір ұсынысын жазып, таудың суретіне жабыстырады. | Алдарында жатқан стикерлерге коучинг бойынша не түсінгендерін, екі сәтті кезеңді, бір ұсынысын жазып, таудың суретіне жабыстырады. |

**Шеберлік сабағының барысы:**

| Жұмыс кезеңдері: Кіріспе бөлімі | Кезеңнің мазмұны | Қатысушылардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Жағымды орта құру** | **Психологиялық ахуал туғызу**<br>**«Мен қандаймын?»**<br>Нұсқау: Әр қатысушыға үлестірмелі парақшалар таратылып беріледі<br>Жазбаша мына сөйлемдерді аяқтаңдар:<br>Менің ойымша, мен ...<br>1. **Мен ........................**<br>2. **Мен ........................**<br>3. **Мен ........................**<br>4. **Мен ........................**<br>5. **Мен ........................**<br>6. **Мен** ........................<br>Мен туралы басқалар не деп ойлайды?<br>..........................................................<br>**Мақсаты: Қатысушы педагогтар туралы мағлұмат алу.**<br><br>**«1-33 дейін санау» жаттығу. педагогтарды ортаға шақырып, 1-33 аралығында санау ұсынылады. 1 – 2 санында сөзбен айтып 3 санын шапалақтауы тиіс, осы сандарды 33 санына дейін жеткізу.**<br>**Мақсаты: Мұғалімдердің зейінін шоғырландыру.** | **Берілген үлестірмелі парақшадағы сөйлемдерді толықтырып, өз қасиеттерімен бөліседі.**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Мұғалімдер жаттығуды орындайды.** |
| **Топқа біріктіру** | **I – топ Зерттеу**<br>**II – топ Жинақтау**<br>**III - Тарату** | |
| **Ой қозғау** | **«AIR Нұр-Сұлтан» ұшағынан келіп түскен сұрақтар.**<br>1.Озық тәжірибе дегеніміз не?<br>2. Озық тәжірибені қалай таратамыз?<br>3. Пәндер бойынша озық тәжірибені таратудың мақсаты. | Мұғалімдер қорапшадағы сұрақтарды алып, жауап береді. |
| **Топтық жұмыс** | **«Жылжымалы постер» әдісі.**<br>**Озық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату жұмыстарының жүргізілу** | Тақырып бойынша жасалған постер |

| | | |
|---|---|---|
| **Мағынаны тану** | **барысын анықтау.**<br>**I – топ зерттейді**<br>**II – топ жинақтайды**<br>**III – топ таратады**<br><br>Таныстырылым<br>Пәндер бойынша озық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, тарату, енгізу жұмыстарын әдістемелік жетілдіруде педагогтарға кәсіби қолдау.<br><br>***Педагогикалық тәжірибе*** – педагогика мен білім беру заңдарын, ұстанымдарын және заңдылықтарын білу, оларды нақты жағдайларды, балалардың, балалар ұжымының және білім беру маманының өз тұлғасының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыруға дайындығы және қабілеттілігі.<br>***Озық педагогикалық тәжірибе*** **(ОПТ)** бұқаралық педагогикалық тәжірибеден туындайды, одан тәсілдерінің болжамдылығымен, ғылымилылығымен, шығармашылығымен басым түсіп, әдістемелік жүйенің және оның жекелеген құрамдастарының жетілдірілуіне септігін тигізеді.<br>**ОПТ болып табылатын негізгі өлшем-талаптары:**<br>– ***өзектілігі*** – қоғамдық дамудың заманауи үрдістеріне, педагогикалық ғылым мен іс-тәжірибенің озық идеяларына сәйкестігі;<br>– ***инновациялылығы*** – әдістемелік жүйенің және оның жекелеген құрамдастарының жетілдірілуіне септігін тигізетін педагогикалық қызметтің жаңашылдығы (жаңа енгізілім);<br>– ***қайта өндірушілігі*** – негізгі идеяны, әдістемені немесе оны білім берудің | қорғалады.<br><br>Қатысушылар қосымша мағлұмат алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | кәсіби мамандарымен жүзеге асыру технологиясын қайта өндіру мүмкіндігі;<br>***-жоғары нәтижелілігі*** – оқушылардың сыртқы тексеру (аудит) растаған оқудағы жетістіктерінің елеулі, жүйелі, оң, тұрақты өсу қозғалысы.<br>**ОПТ-нің авторлары бола алатындар:**<br>– білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы;<br><br>–ғылыми-әдістемелік қызметтің құрылымдық бөлімшелері (әдістемелік бірлестіктер, кафедралар және т.б.);<br><br>— тұтас пәндік әдістемелік бірлестік;<br><br>— жекелеген педагогтер.<br><br>Рефлексия «Аралдар» | |
| **Ой қорыту** | | Қатысушылар аралды таңдау арқылы бүгінгі шебер сыныпта алған жетістігін көрсетеді. |

| Күні: | Бірлік орта мектебі | | Коуч | Геогрфия пәнінің мұғалімі Б. Ибрагимова |
|---|---|---|---|---|
| Коучинг тақырыбы | Сыни тұрғысынан ойлау әдіс-тәсілдері | | | |
| Жалпы мақсаты | Тыңдаушылар тиімді педагогиканың бөлігі ретінде оқытудың сын тұрғысынан ойлау әдістерінен енгізуге арналған тәсілдеріне талдау жасайды: жауап алу және топпен жұмыс істеу арқылы.<br>Тыңдаушылардың сын тұрғысынан ойлау,шығармашылық қабілеттерін арттыру. | | | |
| Оқу нәтижелері | Тындаушылар жауап алу мен шағын топтардағы жұмысты қоса алғанда, сын тұрғысынан туралы өз идеяларын тұжырымдайды. | | | |
| Түйінді идеялар | Сын тұрғысынан ойлау-қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесіндеалынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі. Бұл келесі қабылданатын әрекеттерге негіз болуы мүмкін. | | | |
| Сабақта қолданылатын материалдар | А-4 парақтары, стикер, интерактивті тақта, флипчарт, маркер, қалам, слайд шоу | | | |

| Уақыты | Тренер (мұғалім) әрекеті | Тыңдаушылар (оқушылар) әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| 2 мин | 1. Сәлемдесу | 1. Сәлемдесу | Өзара бағалау | Смайлик |
| 3 мин | 2. Көтеріңкі көңіл орнату үшін тренинг ұйымдастыру | 2. Көршілеріне жақсы тілектер айту. | Ауызша кері байланыс,<br>өзара бағалау, мадақтау | Жұмбақтар жазылған парақшалар |
| 3 мин | 3. Топқа бөліну (жұмбақтар арқылы) | 3. Жұмбақтарды шешу арқылы топқа бөлінеді | | |
| 10 мин | Мұғалімдерге «Әулие» мәтінен беру.<br>Сұрақ қою.<br>Әулие дегенге қандай мағына беруге болады? | Мәтінді оқиды. Өз ойларымен мәтінді аяқтайды, талдайды, | Ауызша кері байланыс,<br>өзара бағалау, мадақтау | Постер, маркерлер |
| 5 мин | Топта жұмыс жасайды, топ шешімін постерге түсіруді ұсыну,қорғау | Қойылған сұрақтарға жауап береді | | |
| 15 мин | Рольдік ойын үшін мұғалімдерге тақырып пен ролдер таңдап береді. | Мұғалімдер жеке, жұпта, топта мәтінді талдайды. Әр топ | Ауызша кері байланыс өзара бағалау | Бейне жазба көрсетілімі<br>Топтардың дайындаған |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 20 мин<br><br>3мин<br>3 мин | Әр топ өздері әулие деп санайтын мамандықтар бойынша рөлді сомдайды<br><br>Сергіту сәті. «Мені түсін» ойыны<br><br>Сабақ бойынша кері байланыс алу | пікірін қорытындылайды.<br><br>Мұғалімдер берілген ролдер және тақырып бойынша тапсырманы орындайды.<br><br>Сабақ бойынша кері байланыс беру | Ауызша кері байланыс өзара бағалау | Үлестірме материалдар, маркерлер<br><br>Кері байланыс<br>Стикерлер |

*"Бірлік орта мектебі"*
*мемлекеттік коммуналдық мекемесі*

**Коучингтің тақырыбы**

***«Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру»***
**(Жас мамандарға әдістемелік коучинг)**

**"Жаңа мазмұнды білім беру жағдайындағы педагогтің кәсіби құзыреттілігі" тақырыбында**

(жас мамандарға дөңгелек үстел)

Жас маман жетекшісі: Д.Қаиргали

**Алматы облысы**
**Балқаш ауданы**
"Бірлік орта мектебі" мкм
**Қаиргали Д. Қ.**
**Информатика** пән мұғалімі

**Тақырыбы: «Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру»**
**(Жас мамандарға әдістемелік коучинг)**

| | |
|---|---|
| **Күні 07**.12.2021ж | **Өткізілетін орны: "Бірлік орта мектебі" мкм** |
| **Коучингтің тақырыбы** | **«Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру»** |
| **Мақсаты** | Әріптестерімізді педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мақсатында инновациялық идеялармен таныстыру, шығармашылық қабілетін ұштау, жаңа формациядағы бағалау түрлерін тәжірибеге енгізуге ықпалдасу. Мұғалімдерге оқушылардың айқындалған критерийлерге сәйкес өз жұмысының сапасы туралы қорытынды жасай білуге қол жеткізуін үйрету, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау үдерістерінің дамуына ықпал ету. |
| **Мұғалімдер үшін оқу нәтижелері** | Коучинг сессиясына қатысушы мұғалімдердің педагогикалық шеберліктері жоғарылайды;<br>Өзін-өзі және өзара бағалау туралы түсініктері қалыптасады, критериалды бағалаудың стратегияларын біледі;<br>Мұғалімдер оқу үдерісінде оқушылардың жетістіктерін жаңа жүйеде бағалайды. |
| **Негізгі идеялар** | *«Бағалау»* - (латын сөзінен шыққан *«жақын отыру»* дегенді білдіреді) мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын оята алатын пәрменді тетік. *Критериалды бағалау* – білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлылығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. *Баға* – символ, оқу жетістігін не санмен таңбалау, не сөзбен жеткізу. оқыту. |
| *Ұйымдастыру кезеңі*<br><br>*Психологиялық жағымды көңіл-күй орнату* | 1. Таныстыру «Есіміздің мағынасын аша білу» әдісі арқылы семинарға келген әріптестерді бір- бірімен таныстыру.<br>2. «Үйшіктер мен тұрғындар» тренингі арқылы топқа бөлу А.Қалаубаеваның «Көңілді күн» әні ойнап тұрады.<br><br> |

<table>
<tr><td></td><td>3. "Дейін -кейін" стратегиясының дейін- бағанына бағалау туралы ойларын жазады.</td></tr>
<tr><td>Білу,түсіну</td><td>Таныстырылым, аудиториямен жұмыс<br>«Бағалау - оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі»<br>слайд арқылы.<br>
</td></tr>
<tr><td>Қолдану</td><td>1 - тапсырма.<br>Топтық жұмыс:<br>Кластер толтыру:<br>1.топ: Критериалды бағалауды пайдалану оқушыларға не береді?<br>2.топ: Критериалды бағалаудан мұғалім не ұтады?<br>3.топ: Критериалды бағалаудың ата-аналарға пайдасы бар ма?<br><br>Таныстырылым слайд арқылы<br>Бағалау - оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі<br>
</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| *Жинақтау*<br><br>*конверт-сұрақ*<br><br> | ***1топ. Жиынтық бағалау тобына***<br>Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласында қандай танымал оқыту әдістемелері бар?<br>***2. топ.Қалыптастырушы бағалау тобына***<br>XXI ғасыр мұғалімі қандай болу керек?<br>***3 топ Өзін-өзі бағалау тобына***<br>Әр топ берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салады.<br>**Талдау**<br>Ортақ сұрақ:<br>- Критерийлерді жасақтаудың маңызы неде?<br>- Критерийлердің градациясының рөлі қандай?<br>- Сіздерге қалай бағалаған ыңғайлы?<br>- Бұл өзгерістерді сіз өз тәжірибеңізге енгізу туралы ойландыңыз ба? | |
| **Талдау** | **Бейнекөрініс**<br>Бейнероликтегі қаздардың әрекетіне қарай бірлескен жұмыстың ( топтық,жұптық, өздік жұмыстарының ерекшеліктеріне тоқталды | |
| **Бағалау** | **1. Критерий құру**<br>• *Фундамент – 2 балл.*<br>• *Баспалдақ – 2 балл.*<br>• *Шатыр – 2 балл.*<br>• *Есік- 2 балл.*<br>• *Терезе- 2 балл.*<br>• *Максималды балл саны- 10*<br>Бағалау шәкілі<br><br>8-10 -"5"<br>5-7 - "4"<br>1-4 - "3" | **Критерий бойынша бағалау**<br><br> |
| **Қорытынды** | Жалпы сыныптағы оқыту сапасын арттыруда оқыту мен оқу үшін бағалаудың, мұғалім немесе сынаптастары тарапынан сенім білдіру мен ынталандырудың, оқушының өзін-өзі реттеуге тырысуының маңызы туралы қорытындылау.<br>«Ізгі тілек» Топ мүшелері семинарға келгенде өзіне ең жақын болған адамына тілек жазылған шоколадты ұсынады | |
| **Кері байланыс** | "кейін" стратегиясы бойынша өз ойларын жазады | |

## *Коучинг жоспары*

| Күні: | 21.12.2021 жыл | | Коучер: Оспанова А Биология пәнінің мұғалімі |
|---|---|---|---|
| Коучинг тақырыбы: | Талантты және дарынды балаларды оқытуда жоғары деңгейлі тапсырмалар қалай құрастырылады? | | |
| Мақсаты: | Мұғалімдерді инклюзивтік қағидат негізінде талантты және дарынды оқушылар үшін күрделі тапсырмаларды түзуге арналған тәсілдермен таныстыру. | | |
| Түйінді идея: | Талантты және дарынды оқушылардың қажеттіліктері инклюзивтік нысанда қанағаттандырылуы мүмкін.Шағын топтағы бірлескен жұмыс және тереңдетілген тапсырмалар инклюзивтік сыныптарда талантты және дарынды оқушыларға міндеттер қою үшін қолданылуы мүмкін. | | |
| Күтілетін нәтиже: | Талантты және дарынды оқушыларға арналған нұсқаулардың маңызын түсіну.Талантты және дарынды оқушылар үшін тиісті зияткерлік тапсырмаларды енгізуге арналған тапсырмаларды өзгерту әдістемесін меңгеру.Қабілеттілігі әртүрлі талантты және дарынды оқушылар үшін топта бірлескен тапсырмаларды жоспарлау. | | |
| Ресурстар: | ІІІ деңгей үлестірме талантты және дарынды оқушылардың білім алуын арттыруда кеңейтілген тапсырмаларды қолдану. | | |
| **Сабақтың барысы:** | **Уақыт (60 минут)** | **Коучтің іс-әрекеті** | **Қатысушылардың іс-әрекеті** |
| **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру:** | 5 минут | **1.**Жағымды ахуал құру<br>«Бақытты болу» таныстырылымын көрсету. | Мұғалімдер «бақытты болу» таныстырылымын көріп,жағымды атмосфералық ахуал қалыптастырады. |
| **Топқа бірігу:** | 5 минут | Топ ережесімен таныстыру<br>Нұсқау:біздің коучингте ұстанатын топ ережесімен танысыңыздар....<br>Нұсқау: **Топқа бірігу.**<br>**2.**Мұғалімдерді топқа біріктіру | Топ ережесімен танысады<br><br>Мұғалімдер топқа бірігеді |
| **Проблеманы айқындау:** | 5 минут | **3.** Тақырыпты ашатын адасқан әріптерді табу.<br>**ТТЫНАЛАТӘЖЕНДЫДАНЫР БЫДРАЛЛААОУҚТЫ**<br>Сұрақ:1)бұл қандай ой туғызды ?<br>Тақырып мазмұнын өздеріңіз ашып өттіңіздер.Демек бүгінгі тақырыбымыз «Талантты және дарынды балаларды оқыту» | Мұғалімдер берілген әріптер арқылы тақырыпты ашады |
| **Проблеманы шешу:** | 20 минут Үлестір-ме таратыл-ды | **4. Белсенді әдіс қолдану: топтық жұмыс (постермен жұмыс)**<br>1- тапсырма.Нұсқау:Әр топ бірлесе отырып берілген тапсырма бойынша топтық жұмыс жүргізіңіздер,постермен жұмыс.1-топ тақырыптардың түпнұсқалы зерттеулерін қолдану.2-ші топ бастапқы және соңғы нүктелер қатарындағы өзара | Әр топ бірлесе отырып,берілген үлестірмеге сәйкес өз ойларын жазады.Өзара топтық бағалау жүргізеді. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>әрекет.3-ші топ сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту.4-ші топ тапсырмаларды орындау үшін неғұрлым шығармашылық тәсілдерді қолдану.Таратылған үлестірмеге сәйкес өз ойларыңызды жазыңыздар.<br>Сұрақ:Талантты және дарынды оқушылардың білім алуын арттыруда кеңейтілген тапсырмаларды қолданудың тиімділігі қандай?</td>
<td>Мұғалімдер берілген сұрақтарға өз ойларын ортаға салып,пікір алмасып талдау жүргізеді</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>15 минут</td>
<td>2-тапсырма.Екі жақты күнделік стратегиясы бойынша (жеке жұмыс) жоғары деңгейлі қабілеттері бар оқушыларды табуға арналған бес өлшем бойынша:<br>• Жады және білім-тамаша жады және ақпаратты қолдану<br>• Ақпаратты пайдалану-түйінді идеяларды анықтай білу,түрлі көздерден алынған ақпараттарды таңдай және тиісінше өңдей алу қабілеті<br>• Ойлау жылдамдығы-олар жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін,бірақ шешімдерге тез келеді.<br>• Проблемаларды шешу-олар ақпаратқа қосымшаларды енгізеді,сәйкессіздікті көрсетеді,мазмұнын тез түсінеді.<br>• Қиындыққа қызығушылық-қызығушылықты арттыру үшін олар аса қиын ойындарға және тапсырмаларға ұмтылады;<br>Әр қатысушы өлшемдердің біреуін таңдауға тиіс және осы өлшемдерге өз ойын және сабақ жүргізу үдерісінде қандай тапсырмалар пайдаланатынын кестеге жазу керек.<br><table><tr><th>Мәтін</th><th>Менің ойым</th></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>Сұрақ:Бұл бес өлшемді сабақта пайдалану талантты және дарынды оқушыларды оқытуда және зияткерлік міндеттерді қоюды жоспарлауда тиімді ме?</td>
<td>Мұғалімдердің іс-әрекеті (жеке жұмыс) «Екі жақты күнделік стратегиясы»</td>
</tr>
<tr>
<td>Проблеманың шешімін қолдану: (рефлексия)</td>
<td>10 минут</td>
<td>5.Кері байланыстың сұрақтары:<br>Сіз үшін не түсінікті?<br>Не қиындық туғызды?<br>Неліктен?<br>Өзіңіздің келешектегі тәжірибеңізде, сабақта қандай өзгерістер енгізбексіз?<br>Бұл сабақтағы әдістерді өз сабағыңызда</td>
<td>Әріптестер кері байланыс сұрақтарына өз ойларын ортаға салып,пікір алмасады</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | пайдаланар ма едіңіз?<br>**Коучинг жүргізуші:** Қатысқандарыңызға рақмет! | |

**Комментарий:** Талантты және дарынды оқушыларға арналған нұсқаулардың маңызын түсінді.Талантты және дарынды оқушылар үшін тиісті зияткерлік тапсырмаларды енгізуге арналған тапсырмаларды өзгерту әдістемесін меңгерді.Қабілеттілігі әртүрлі талантты және дарынды оқушылар үшін топта бірлескен тапсырмаларды жоспарлап,деңгейлі тапсырмаларды тиімді пайдалануды анықтады.